

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы N 166 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 тамыздағы № 139 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) туралы ереже;
- 2) Агенттіктің құрылымы;
- 3) Агенттіктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.04.27 № 977 Ж а р л ы ғ ы м е н .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат; 2000 ж., N 54, 593-құжат; 2001 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 212-құжат; N 45, 445-құжат; 2003 ж., N 12, 130-құжат; N 16, 160-құжат; 2004 ж., N 13, 166-құжат; N 21, 267-құжат; N 27, 344-құжат; N 48, 590-құжат; 2005 ж., N 16, 189-құжат; N 27, 329-құжат; N 30, 380-құжат; N 49, 623-құжат; 2006 ж. N 7, 50-құжат): жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі 100";

2) "Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006

жылғы 1 ақпандағы N 55 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 5, 38 - қ ұ ж а т) :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган ретінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2006 жылғы 28 тамыздағы

N 166 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі туралы ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының (бұдан әрі - қаржы орталығы) жұмыс істеуін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 маусымдағы Заңына, осы Ережеге және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік тілде өз атауы көрсетілген мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің органдарында шоттары бар мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Агенттік өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастар жасайды.

Егер Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы болуға құқығы бар.

4. Агенттік туралы ережені, сондай-ақ оның құрылымын және штат санын Агенттік Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. Агенттіктің заңды мекенжайы: 050010, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 181.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.04.27 № 977 Жарлығымен.

6. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Агенттіктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Агенттікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне орай кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Агенттікке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Агенттіктің негізгі міндеттері

9. Агенттіктің негізгі міндеттері:

"Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 маусымдағы Заңында айқындалған мемлекеттік өкілеттіктерді жүзеге асыру;
қаржы орталығын одан әрі дамыту болып табылады.

3-тарау. Агенттіктің негізгі функциялары мен өкілеттіктері

10. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мыналарды жүзеге асырады:

1) қаржы орталығына қатысушылар - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу);

1-1) қаржы орталығына қатысушыларды аккредиттеу; V095633

2) қаржы орталығында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетелдіктерге және азаматтығы жоқ

тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен
виза беру туралы қолдау хат;

3) қаржы орталығының қатысушыларына қызметкерлерді іріктеуде жәрдем
к ө р с е т у ;

4) қаржы орталығына қатысушыларға олардың құқықтары мен міндеттерін
т ү с і н д і р у ;

5) қаржы орталығына қатысушылардың Қазақстан Республикасының еңбек
туралы және халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасын сақтауын
м е м л е к е т т і к б а қ ы л а у ;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда қаржы орталығының
а т ы н а н ө к і л д і к е т у ;

7) қаржы орталығына қатысушылардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;

8) қаржы орталығында еңбек қызметін жүзеге асырып жатқан шетелдіктер
мен азаматтығы жоқ тұлғаларды есепке алу және халықты жұмыспен қамту
саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін орталық атқарушы
орган белгілеген нысанда Алматы қаласының жергілікті атқарушы органына
шетелдік жұмыс күшін тарту туралы тоқсан сайын ақпарат ұсыну;

9) **Алынып тасталды - ҚР Президентінің 2007.09.21 N 414 Жарлығымен.**

10) қаржы орталығын дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске
а с ы р у ;

11) бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын жақсартуға жәрдемдесу.
**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.09.21 N 414
Ж а р л ы ғ ы м е н .**

11. Агенттік өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін
м ы н а д а й ө к і л е т т і к т е р г е и е :

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті,
статистикалық карточкаларды, салық төлеушінің куәлігін беру;

1-1) қаржы орталығына қатысушы ретінде аккредиттелу туралы куәліктер
б е р у ;

2) қаржы орталығына қатысушылар - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (
қ а й т а т і р к е у) е р е ж е л е р і н б е к і т у ;

2-1) Қаржы орталығына қатысушы ретінде аккредиттеу ережесін бекіту;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда қаржы орталығының атынан өкілдік ету;

4) мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

5) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі
уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша бағалы қағаздарын қаржы
орталығының арнайы сауда алаңының тізіміне қосу көзделіп отырған немесе
қосылған эмитенттерге, сондай-ақ осындай бағалы қағаздарға қойылатын

т а л а п т а р д ы б е л г і л е у ;

б) рейтингтік бағаларын Агенттік мойындайтын рейтингтік агенттіктердің тізбесін б е к і т у ;

7) қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін бағалы қағаздардың және олардың эмитенттерінің рейтингтік бағаларына қойылатын т а л а п т а р д ы б е л г і л е у ;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберілген қаржы құралдары эмитенттерінің аудитіне жұмсалған шығындарды өтеу;

9) қаржы құралдарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңына жіберу үшін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және аудиторлық қызмет саласындағы реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

10) қаржы орталығы мойындайтын қор биржаларының тізбесін белгілеу;

11) қаржы орталығымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері бойынша шет мемлекеттердің қор биржаларымен келісімдер жасасу;

12) қаржы орталығына қатысушылардың Қазақстан Республикасының еңбек туралы және халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасын сақтауы мәніне т е к с е р у л е р ж ү р г і з у ;

13) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша қаржы құралдарын қаржы орталығының арнайы сауда алаңының сауда-саттықты ұйымдастырушысының тізіміне енгізудің және одан шығарудың шарттары мен тәртібін айқындау;

14) Алматы қаласының аумағында қаржы орталығының арнайы сауда алаңы жұмыс істейтін қор биржасын айқындау;

15) қаржы орталығының органдарын қоспағанда, қаржы орталығына қатысушылар мемлекеттік органдарға ұсынатын құжаттаманы қажет болған жағдайда ағылшын тілінен мемлекеттік тілге және орыс тіліне аударуды жүзеге а с ы р у ;

16) қаржы орталығына қатысушыларға қатысты Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 550-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы і с т е р д і қ а р а у ;

17) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және аудиторлық қызмет саласындағы реттеу мен аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша қаржы орталығына

қатысушылардың салық есептілігін растауға уәкілетті аудиторлық ұйымдардың
т і з б е с і н а й қ ы н д а у ;

18) статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша қаржы орталығына қатысушылар - заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) жүргізілгені туралы хабарламаның нысанын және оны мемлекеттік статистика органдарына табыс ету тәртібін бекіту.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.09.21 N 414 Жарлығымен.

4-тарау. Агенттіктің мүлкі

12. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Мемлекеттік органның мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптасады.

13. Агенттікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Агенттіктің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен айыруға немесе оған өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

15. Агенттікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның өз ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын екі орынбасары болады.

16. Төраға Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және Агенттіктің қызметі үшін дербес жауапты болады.

17. Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) Агенттікке басшылық жасауды жүзеге асырады;

1-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Агенттік атынан өкілдік етеді;

2) үшінші тұлғалармен қатынаста уәкілетті органның атынан сенімхатсыз ө р е к е т е т е д і ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерді жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және еңбек шартын бұзуды жүзеге асырады;

4) өз орынбасарларының және Агенттіктің бөлімше басшыларының құқықтары мен міндеттерін айқындайды;

5) өз өкілеттіктері шегінде қызметкерлер орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат саны лимитінің шегінде Агенттіктің штат кестесін бекітеді;

7) Агенттіктің жұмыс регламентін және құрылымдық бөлімшелері туралы

ережелерді бекітеді;

7-1) Агенттіктің алқасы туралы ережені бекітеді және оның құрамын анықтайды;

8) Агенттіктің мүддесін білдіру үшін Агенттіктің қызметкерлеріне сенімхаттар береді;

9) Агенттік атынан шарттар жасасады;

10) Агенттіктің қаржылық және өзге де есептілігіне қол қояды;

11) Агенттік қызметкерлерін көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді және тәртіптік жазалар қолданады;

12) Қазақстан Республикасының Президентіне Агенттік қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беру туралы ұсыныстар енгізеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.09.21 N 414 Жарлығымен.

17-1. Агенттік Төрағасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шаралар қабылдауға міндетті және осы міндетті орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауаптылықта болады.

Ескерту. Ереже 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2010.04.27 № 977 Жарлығымен.

18. Агенттіктің Төрағасы орнында болмаған жағдайда оның міндеттерін Төрағаның бұйрығы бойынша орынбасарларының бірі атқарады.

19. Агенттік әкімшілік-шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есебін өз бетімен жүзеге асырады.

20. Агенттіктің жанынан тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Халықаралық кеңес құрылады.

21. Халықаралық кеңестің негізгі міндеттері: қаржы орталығының қызметіне қатысты мәселелерде әлемдік тәжірибені қолдану жөнінде ұсынымдарды тұжырымдау;

Төрағаға Агенттіктің басшы лауазымдарына үміткерлерді ұсыну; қаржы орталығын дамыту стратегиясын әзірлеуге қатысу болып табылады.

22. Халықаралық кеңес құрамына қаржы секторының жетекші сарапшылары кіреді. Шетелдіктер Халықаралық кеңестің мүшелері бола алады.

23. Халықаралық кеңес мүшелерінің қызметі Агенттікті қаржыландыруға көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

24. Халықаралық кеңестің ережесін, оны құру тәртібін және қызметін Агенттік айқындайды.

